

Сот және құқық қорғау органдарының қызмет атқару әлеуметтануы.

1. Сот әлеуметтануы және құқық қорғау органдары қызметтерінің әлеуметтануы.

2.—«Кодекстердегі» және өмірдегі құқық: әлеуметтік факторлардың құқықтың қоғамда қызмет атқаруына әсері

Құқықтық нормаларды заңгерлер түсіндіріп, қажет жағдайда қолданады. АҚШ «Заң бәрінен де жоғары» деген принципті ұстанатын қоғам деп саналады.

200 жылдан астам уақыт АҚШ тұрғындары сотты өздерінің қорғаушысы, әлеуметтік жанжалды әділетті шешетін инструмент ретінде санайды. Себебі тек азаматтық қоғамда «құқық» және «әділеттілік» арасында сәйкестік орнайды.

Кез келген қоғамда сот жүйесінің азаматтардың құқығы мен еркіндігін қорғаудағы және қылмыс пен құқық бұзушылықпен күрестегі маңыздылығы соншалықты бүгінгі күні батыс әлеуметтануында сот қызметі жеке пән болып қалыптасты.

Жан Карбонье: « сот әлеуметтануының обектісі - сот шешімі мен оны қабылдау үрдісі» - дейді.

ЖАН КАРБОНЬЕ
ЮРИДИЧЕСКАЯ
СОЦИОЛОГИЯ

Леон Мейхью: « сот әлеуметтануының міндеті – құқықты нормаларды жүзеге асырушы және құқықтық шешім қабылдайтын құзырлы адамдарға әлеуметтік әсер ететін, әлеуметтік қысым жасайтын күштерді анықтау» – деген.

Сот әлеуметтануының бағыттары:

1. Сот төрелігіне талдау жасау, оның азаматтардың заң алдындағы теңдік принципін сақтауы.
2. Сот қателіктерін зерттеу. Батыс социологтарының ойынша әрбір 5-ші шешім қате болуы мүмкін. Сот шешімі қателігі – сотталушы өмірі үшін трагедия. Мысалы, белорус маньягі Михасевич, ұсталғанша 14 адам жазаға тартылды: 1 –і атылды, екінші біреуі 10 жылдан астам түрмеге жабылды, 3-сі – түрмеге түскен соң 6 жылдан кейін соқыр болып қалды т.б.

3.

3. Заңдарды әлеуметтанулық тұрғыда түсіндіру – құқықтық норманы қолдану проблемасы. Судьяларға құқықтық норманың мәнін түсінуге көмек.

Жан Карбонье : «Заңды жалғыз судья түсіндірмейді..... Бірақ сот - түсінікке міндетті күш беруші».

«Екі заңгер-үш пікір» - деп текке айтылмаған.

Заңды түсіндіру жолдары:

*кеңейтілген
(реформистік)-
ескі нормалар
жаңа
құбылыстармен,
жағдайлармен,
тәжірибемен
салыстырылады.*

*шектелген
(консервативтік) –
сот-судья
норманың тек
бұрынғы, ескі
түсінігіне сүйенеді.*

4. Қоғамдағы әлеуметтік қатынастарға қылымыстық істер материалдары негізінде талдау жасау жолдары:

Сот тәжірибесін дәстүрлі зерделеу – құқықты қолдану проблемасы талдау объектісі болған жағдайда, яғни құқықтың өзі.

Сот ісіне негіз болған өмір фактілеріне әлеуметтанулық талдау жасау.

Карбонье: «Әлеуметтанушы өзінің талдауында сот шешімі көрсеткен өмір жағдайын, тұлғааралық және индивидуалды әлеуметтік құбылыстар арасындағы байланысты қарастыруға тырысады... Кез келген сот шешімі – жанжалдың нәтижесі. Жанжал – өте қызық әлеуметтік психология құбылысы, оын зерделеу сот істеріне социологиялық талдау жасау үшін өте маңызды» – деп көрсетеді.

5. Өтіп кеткен сот істерін зерделеу – қоғамдағы әдетдағдыларды, әлеуметтік жанжалды социологиялық тұрғыда зерделеуге бай өмірлік материалдар береді. Мысал ретінде 30-шы жылдар, ҚК 58 бабы, ГУЛАГ, КарЛАГ, АЛЖИР 50-ші жж. 80-ші жылдары ірі ұрлықтары үшін 2 млн. адам қылмыстық іске тартылды. Бірақ бұл істер миллиондаған адамдардың санасына жоғарғы билікке деген сенімсіздікті тудырды.



6. Судьялар тәртібі стереотиптерін зерделеу. *Д.Майерс* әлеуметтік психология және әділ сот мәселелерін зерделеу барысында ***судьяның пікіріне айыпталушының келбетінің әсері бар екенін дәлелдеуге тырысқан.***

Дэвид Майерс : «... мы больше симпатизируем обвиняемому, с которым можем себя идентифицировать. Если мы считаем, что мы не способны на такое преступление, то можем предположить, что кто-то, похожий на нас, тоже вряд ли совершал его» - деп жазады.

Судьяға тән қасиеттер:

- қаталдық,*
- салқын қандылық,*
- аналитикалық ақыл иесі болу,*
- адалдық,*
- әділдік,*
- сатылмайтын, қиянат жасамайтын болу.*



Құқық қорғау органдарының қызмет атқаруын социологиялық тұрғыда талдау жүргізу бағыттар:

1. Құқық қорғау органдарының жұмысы туралы қалыптасқан қоғамдық пікірді талдау. Адамдардың заңға, әділеттіліктің орнауына деген сенімі – басты әлеуметтік құндылық. Құқық қорғау жүйесі тиімділігін жете түсіну үшін АҚШ және ТМД салыстырайық:

2. АҚШ

ТМД

-Жалақысы жылына -40-42 мың долл.
-Халықтың 60% полицияға сеніммен қарайды

-адам құқығын бұзады-36%
-мәдени деңгейі төмен -46%
Қазақстанда полицияға сенетіндер-20-30%

Батыста қауіпті қылмыстың 30-40% ашылады, ал біздің рапорттар мен **есебімізде бұл көрсеткіш - 80-85% деп беріледі**. Әрине жалған ақпарат беру орын алғанын жоққа шығара алмаймыз.



2013 жылғы қылмыстың өсу көрсеткіші:

Астанада -52,7% (с 22 760 до 34 756) өскен

Ақтөбеде -50,3% (с 13 741 до 20 651),

Жамбыл обл. – 44,3% (с 11 664 до 16 836), Манғыстау – 43,5% (с 4 661 до 6 690),

Алматы – 40,1% (с 20 064 до 28 109)

Павлодар – 37% (с 14 415 до 19 745). Республика бойынша қылмыстың өсуінің орта көрсеткіші -25,1%



АҚШ -та

Іскер америкадықтың жеке мүддесін қорғайтын адвокаты, нотариусы бар екені мәлім. Кәсіпкерлердің бүкіл мәселелерімен нотариустар айналысады. Сондықтан заңгерлерге сұраныс үлкен.

- АҚШ-та әлем заңгерлерінің үштен екісі шоғырланған.

- Ұлыбритания мен Германиядан 2,5 и 5 есе көп

- Заңгерлер саны – 1 млн. жақын

- Жыл сайын 25 млн. астам сот істері қаралады

-Әрбір төртінші американдық жауапкер, талапкер, немесе куәгер ретінде сотқа қатысады.



Аса ауыр қылмысты ашу динамикасы

*Жылында АҚШ-та
-25 мың. криминалдық
кісі өлтіру тіркеледі .*

*Ұлыбританияда
60 млн. халыққа – 550
кісі өлтіру*

- Қазақстанда тапсырыспен өлтірудің ашылуы – 10%
- Шет елдерде– 6-7%

АҚШ тұрғындарының 20% -на депрессиялық жағдай тән.

Криминалдық статистикаға сүйенсек әдейі өлтірудің 70%, яғни адамға қарсы жасалатын қылмыстың 2/3 отбасы шеңберінде, таныс адамдар арасында орын алады.

Ал бізде жақын адамдар арасындағы қылмыстық көрініс -80%

Кісі өлтірушілердің:

56% - орта білімі жоқтар;

10% - сауатсыз немесе бастауыш біліммен;

2% - жоғары немесе толық емес жағары білімі барлар.

Статистикалық мәліметтер бойынша:

кісі өлтірудің - 80%,

қылмыстың - 60%,

өзін өзі өлтірудің - 50% мастықтан болады.



Мәліметтер бойынша өмірмен өз еркімен қоштасатындардың

- 75% ерлер,*
- 25% әйелдер,*
- 30 - 40 жастағылар.*

Америка социологтарының айтуынша бұл кезең әрбір адам үшін өте күрделі кезең болып саналады. Олардың пікірінше бұл «40-жас дағдарысы», «орта жас дағдарысы», өмір ортасындағы ерекше «дүмпу». Бұл жылдары өмірдің алғашқы қорытындысы жасалады. Кейбіреулер өміріне қанағаттанбайды, «өмір текке өтті» деп санайды.

Қоғамда құқықтық норманың қызмет атқаруының әлеуметтік факторлары:
Құқықты қолданудың әлеуметтік тәуелділігі бар. Оған қысым көрсететін күштер-

- ❖ саясат,
- ❖ билік,
- ❖ әлеуметтік және экономикалық жағдай,
- ❖ қоғамдық пікір,
- ❖ бұқаралық ақпарат құралдары,
- ❖ криминалдық топтар

Құқық қорғау жүйесіне көрсетілетін әртүрлі қысым «заң бәрінен жоғары» деген принципті еркін және тәуелсіз жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Нәтижесінде «кодекстегі» құқық пен өмірдегі құқықтың, яғни тиісті мен нақтының арасында алшақтық пайда болуы мүмкін.

Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз:

1. Американдықтар мен қазақстандықтардың құқыққорғау органдарының жұмысы туралы пікірлерінің қалыптасуына әсер ететін факторларды атаңыз.
2. Нарықтық экономика қалыптасқан елдерде заңгерлерге деген сұраныстың артуының себептерін анықтаңыз.
3. Қазіргі Қазақстандағы тұлғаға қарсы аса ауыр қылмыс динамикасы қандай?
4. *Кейбір қылмыс түрлерінің қайталанатын стереотиптерін көрсетіңіз.*
5. Заң актілеріндегі құқық пен өмірдегі құқық арасындағы алшақтықтың себептерін атаңыз.
6. *Құқыққорғау органдары мен құқықтық процеске көрсетілетін қысым түрлерін атаңыз.*